



**Жақыпбеков Д.С.,  
Масақбаев Б.Р.**

**САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІНІҢ  
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ  
МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ**

*В статье рассматриваются вопросы  
преимущества и недостатков в системе  
налогового режима.*

*The questions of advantages and shortage in the  
system of tax regimes are considered in the article.*

Елбасы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты өз жолдауында атап өткендей, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында, өркенді де өршіл дамып келе жатқан қоғамның іргетасы тек қана осы заманғы, бәсекеге қабілетті және ашық нарық экономикасы бола алады. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кірудің бірінші басымдығы әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі болып табылады. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі әрқашан салық жүйесінің қайта құрылуымен, жанаруымен қабаттаса жүреді. Осыған байланысты мемлекетті дамыту процесінде бухгалтерлік есепке алу, қаржылық есеп беру жүйесімен бірге салық есебін, салық жүйесін бара-бар дамыту ерекше өзектілікке айналды [1].

Қазақстан Республикасының егемендігі, оның әлеуметтік бағдарлы нарықтық қатынастарға бағытталған даму жолына көшуі, мемлекет және қоғам мүддесіне қажетті қаржы- қаражаттардың мемлекет құзырында орталықтандырылуы, сондай-ақ өтпелі кезеңдегі экономиканы реттеу барысында пайдаланылатын салықтық- құқықтық экономика және құқық аяларынан өзіне тиесілі орнын алуының басты себебіне айналып отыр.

Мемлекеттің материалдық мүддесі мен қоғам өмірінің айрықша экономикалық аясының тоғысатын жері, көбінесе объективті қаржылық- құқықтық құбылыс ретінде жарқын көрініс табатын салық салу саласы әрқашанда мемлекеттің салықтық құқығының реттеуші ықпалының ауқымы ретінде көрініс табады.

Нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасында қоғамдағы қандай болмасын процестерге мемлекеттік әкімшілік жүргізу арқылы тікелей ықпал ету мүмкіндігінің тарыла бастағаны бүгінде баршаға аян. Бұл орайда халықаралық өркениетті стандарттар мен нарық талаптарына сай келетін, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге қол жеткізуге жол ашатын әлеуметтік-экономикалық жанама ықпал етудің елеулі құралы салықтар, салық салу жүйесі және мемлекеттің салықтық құқығы пайдаланылады. Салықтар барлық елдерде олардың қоғамдық- экономикалық құрылысы мен саяси іс- бағытына қарамастан ұлттық мемлекет кірістерінің негізгі көзі – ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық құралы, мемлекеттің кірістерін және бюджеттің кірістерін қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады.



Сондықтан да салық пен салық есебіне байланысты мәселелер әрқашанда ең өзекті мәселелердің бірі болып қалады деп есептеймін.

Салық есебі – мемлекеттік бюджет пайдасына салық міндеттемесін алу және салық салу негізін анықтау мақсатындағы бухгалтерлік есеп қағидасында қалыптасатын ұйым қызметінің қаржылық-экономикалық жүйесіндегі ақпараттың маңызды буыны. Біздің республикамыздағы салық есебінің пайда болуы отандық экономиканы реформалау кезеңімен байланысты. 1995 жылдың 1-шілдесіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің «Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» жарлығы салық салу туралы дәстүрлі түсінікке өзгеріс енгізді. Бухгалтерлік есептің қызметі салық төлемдерін дұрыс есептеу бойынша міндеттерге жеткілікті байланысты болмады, өйткені алым мен салықтың жаңа түрлері пайда болды. Осыған орай пайда болған қайшылықтар салық салу жүйесі мен есебінің оңтайлы өзара іс-қимылының проблемаларын шығарды, сондай-ақ шаруашылық қызметіндегі қалыптасқан жағдайға қолдануға болатын ережелерді әзірлеудің қажеттілігін туындатты.

Осының әсерінен қазіргі уақытта бухгалтерлік есеп «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» заң және бухгалтерлік есептің стандарттары негізінде, ал салық есебі Қазақстан Республикасы Салық кодексінің екінші тарауындағы нормаларының шартына сүйене отырып, әкімшілік-құқық негізінде қалыптасты, сондықтан есептің екі түрінің толық болу қажеттігі пайда болды.

Бухгалтерлік есеп ұйымының шаруашылық қызметінің экономикалық мәні мен қаржылық нәтижесін ең толық және нақты көрсетуді, ал салық есебі – шаруашылық қызметі әкімшілік талаптарына толық сәйкес келетін бюджетке міндетті аударылуға тиісті ұйым табысының болжамды табысын анықтайды.

Есептің дербес екі түрінің бухгалтерлік және салықтық есептің қосарласа жүруі – ұйымның есеп жүйесі алдында әр түрлі міндеттерді тудырды. Ол мыналар: салық мақсаты үшін есептік деректердің қайта жасалуы – мен белгілі бір түзетулерді енгізу; салық салу жүйелі есеп шеңберінде дайын-деректерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін бухгалтерлік тәртіпті деректермен толықтыру.

В.К. Радостовец «Салық есебі – бұл салық төлеушінің бюджетке төлемі бойынша есеп айырысуының есебі емес, бұл салық төлеуші салықтық жыл ішінде жүргізуге міндетті табыстардың есебі мен шегеру, яғни салық салынатын табыстың есебін шығаратын жедел есептің жаңа түрі. Сонымен бірге, көптеген шегеру мен бірқатар табыстар бухгалтерлік есепке кірмейді»- деп жазған.

Салық есебінің міндеті- толық салық салу мақсаты үшін және есеп беру кезеңінде жүргізілген шаруашылық операцияларын есептеу тәртібі туралы дәл ақпараттарды қалыптастыру, сондай-ақ, бюджетке салық пен басқа да төлемдер мен алымдарды уақытында есептеу мен толық төлеуінің дұрыстығын бақылау үшін, сыртқы және ішкі пайдаланушыларды ақпараттармен қамтамасыз ету [2].

Салықтар мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылғандықтан, мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі қашан да болса оның салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен бірге қалыптасады. Өткен жылы экономикалық қатынастарды реттеуге, оны әртараптандыру мен жаңғыртуға, бизнесті көлеңкеден алып шығуға мүмкіндік беретін ірі шаралардың бірі ретінде жаңа Салық кодексінің қабылдағандығын айту керек. Салық Кодексі салық есептілік бөлімінде талай жаңартулар енгізген екен. Ең бастысы, қазіргі кезде кәсіпкерліктің алдында тұрған ең үлкен әкімшілік кедергі – салық есептілігінің шамадан тыс болуы. Бұл бағытта үлкен-үлкен шаралар жүзеге асырылды. Салықтың негізгі түрлері бойынша салық есептілігі барынша қысқартылды.

Атап айтсақ қазіргі таңда мынадай арнайы салықтық режимдер бар: патент негізіндегі арнаулы салық режимі; оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі; шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі; ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар және селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі.

Қазіргі таңда кең қолданыста жүрген 3 салық режимін өзара салыстыру арқылы, Салық Кодексіне және осы есептілікпен жұмыс атқарған бухгалтер маманымен бірлесе отырып зерттеу жүргізілді.

*1. Патент негізіндегі арнаулы салық режимін мынадай талаптарға сай келетін:*

- 1) қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын;
- 2) жеке кәсіпкерлік нысанындағы қызметті жүзеге асыратын;

3) салық кезеңіндегі табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 200 еселенген мөлшерінен аспайтын дара кәсіпкерлер қолданады. Күнтізбелік жыл салық кезеңі болып табылады. Патент кемінде бір ай және он екі айдан аспайтын мерзімге беріледі.



Патент негізіндегі арнаулы салық режимі: артықшылықтары салық төлемі аз, салық есебі жеңіл, шығынды есептеу талап етілмейді; кемшіліктері жеке өзін жұмыс істеуін керек, табыс алмай тұрып төлемдер аудару, салық кезеңі ішінде шекті табысы шектеулі (200 айлық жалақы көрсеткіші).

II. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін мынадай шарттарға сай келетін шағын бизнес субъектілері:

1) дара кәсіпкерлер үшін:

дара кәсіпкердің өзін қоса алғанда, қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде жиырма бес адам болса;

салық кезеңі ішінде шекті табысы 10 000,0 мың теңгені құраса;

2) заңды тұлғалар үшін:

қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде елу адам болса;

салық кезеңі ішінде шекті табысы 25 000,0 мың теңгені құраса, оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолданады.

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі: артықшылықтары салықтарды бюджетке төлеу жеке (корпорациялық) табыс салығы мен әлеуметтік салық түрінде есепті салық кезеңінен кейін 55 күн ішінде төлеу, қосымша 24 адамға дейін жеке тұлға немесе 49 адамға дейін заңды тұлға жұмысқа қабылдау, шығынды есептеу талап етілмейді; кемшіліктері салық кезеңі ішінде шекті табысы шектеулі жеке тұлға 10,000 мың теңге, заңды тұлға 25,000 мың теңге; адам саны шектеулі;

III. Жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауысқан кезде жалпыға бірдей белгіленген тәртіп күнтізбелік екі жыл қолданылғаннан кейін ғана арнаулы салық режиміне қайта ауысуға болады.

Жалпыға бірдей белгіленген тәртіп: артықшылығы адам санына, табыс сомасына шектеу жоқ, салықтарды бюджетке төлеу есепті салық кезеңінен кейін 90 күн ішінде, нақты пайдадан салық төлейсің; кемшіліктері құжат жинау міндеттілігі (шығындарға, т.б.) бар, айма-ай салық төлеу (әлеуметтік салық, зейнетақы аударымдары, әлеуметтік аударымдар), тоқсандық және жылдық декларацияны тапсыру[3].

Кесте 1 - Салық режимдері

| Салықтық режимдер  | Шекті табыс сомасы  | Адам саны   | салықтарды бюджетке төлеу кезеңі           | Декларация формасы      |
|--|---|---|--|-------------------------|
| патент негізіндегі арнаулы салық режимі                  | 200 айлық жалақы көрсеткіші                               | жеке өзін (бір адам)                                    | Алдынала                                   | 911                     |
| Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі | жеке тұлға 10,000 мың теңге, заңды тұлға 25,000 мың теңге | жеке тұлға 24 адамға дейін, заңды тұлға 49 адамға дейін | есепті салық кезеңінен кейін 55 күн ішінде | 910                     |
| Жалпыға бірдей белгіленген тәртіп                        | шектеу жоқ  | шектеу жоқ  | есепті салық кезеңінен кейін 90 күн ішінде | 200 кезеңдік 100 жылдық |

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2006 ж., наурыз «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы».
2. Жақыпбеков Д.С. Салық есептілігі және оның ішкі аудитін жетілдіру жолдары. Монография. – Шымкент, 2009.
3. Қазақстан Республикасының Салық Кодексі